

2012 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Ақтау қаласының әкімдігінің 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 71 Қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 23 ақпанда № 11-1-173 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13), 14) тармақшаларына және 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 2 тармағына және 5 бабының 2 тармағына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;
- 2) отбасында бірде бір адам жұмыс жасамайтын тұлғалар;
- 3) ұзақ уақыт бойы (бір жылдан астам) жұмыс жасамаған тұлғалар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Т. Елтизаровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

О. Қазақбаев